



**БҮЙРЫҚ**

16.03.2020 ж.

Өскемен қ.

**ПРИКАЗ**

№ 00034-1

г. Усть-Каменогорск

**Пандемия кезеңінде «Өскемен жылу жүйелері»  
АҚ-да коронавирустық инфекцияның  
таралуының алдын алу жөніндегі шаралар туралы**

Коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу және «Өскемен жылу жүйелері» АҚ қызметкерлері мен тұтынушылардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы» № 285 Жарлығына сәйкес COVID-19 коронавирусының таралуына жол бермеу үшін, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Пандемия кезеңінде Қазақстан Республикасында коронавирустық инфекцияның әкелінуі мен таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды қүшейту туралы» 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20 қаулысын ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Техникалық директор Т. Қ. Қайркенов, жылу энергиясын өндіру директоры В. Д. Кедрун, жылу энергиясын табыстау директоры Д. Д. Шарапиев, жылу энергиясын сату директоры О. Ю. Третьяков, өндірісті дайындау директоры М. Т. Нұрғазин, ҚжЕҚ жөніндегі бас техникалық жетекші А. Е. Аязбаев «Өскемен жылу жүйелері» АҚ-да санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу шараларын қүшейту бойынша шаралар қабылдасын.

2. Осы бұйрықтың 1- тармағында көрсетілген адамдарға қамтамасыз ету /ұйымдастыру:

2.1. Тұтынушылармен байланыс бар М. Горький к- сі 61, күту залына, Рабочая к- сі 6/2 ғимаратында, қысқа мерзімде рециркуляциялық сәулелендіру құралдары орнатылсын;

2.2. Күзет ұйымының қызметкерлерін қызметкерлер мен келушілердің температурасын тексеру мақсатында өтетін жерлерде инфрақызыл термометрлермен жасақтау;

2.3. Қызметкерлер мен келушілердің өтетін жерлерде температурасын тексеру мақсатында күзет ұйымының қызметкерлерін инфрақызыл термометрлермен жасақтау;

2.4. Қызметкерлердің жұмыс орындарын дезинфекциялау мақсатында әрбір 2 сағат сайын жұмыс орындарын, есік тұтқаларын, автокөлік техникасының салондарын, терминалдарды, дәретханаларды хлорлы сумен өндеду жүргізу;

2.5. Кеңестер, отырыстар, кездесулер өткізуді азайту немесе оларды онлайн режимінде/селекторлық кеңесте өткізу;

2.6. «Өскемен жылу жүйелері» АҚ-да мақсатқа қарамастан жаппай іс-шаралар өткізуге тыйым салу.

3. Ақпараттық технологиялар қызметінің бастығы А. Н. Грохотов осы бұйрықтың «Өскемен жылу жүйелері» АҚ интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін .

4. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік ҚжЕҚ жөніндегі бас техникалық жетекші А. Е. Аязбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Бас директор**

**R. Уразбаев**

**БҰРЫШТАМАЛАР:**

Заңгер бөлімінің бастығы  
Мұрағатшы-құжаттанушы

O. Лебедева  
С. Ахметова

Осы бұйрықпен таныстым:

O. Третьяков  
Т. Қайркенов  
М. Нұрғазин  
В. Кедрун  
Д. Шарапиев  
А. Аязбаев  
А. Грохотов

Орын. Аязбаев А.Е.  
Ауд. Ахметова С.С.